

№29 „Аб-Керем“ бобек-
жай балабақшасы.

1

1-2 жас „Баласуа“ ерте жас тобы.

Ата - аналар жиналысының
жөніндегі. №1

2023 жылғы қазан айы.

Төрайымы: Ахмедова Р.

жөніндегі: Баулетова Т.

Қатысқандар: 10 ата-ана.

Күн тәртібіне.

1. Ата-аналарға 2022-2023 оқу жылының
жоспарымен таныстыру, балабақшаның
күн тәртібімен таныстыру, топтың
ата-аналар комитетін сайлау.
„Жаңадан келген баланың топқа
үйренуі“ пікір алысу.

2. Төрағаны: „А. еңгі таныстыру“,
ата-аналарға сауалнама.

1. Балаларыңызға бұрынғы тәртіп-
тәрбие берілетіндігі туралы пікір алысу.

2. „Жаңадан келген баланың топқа
үйрену кезеңі“ көрсеткіші. (негіз)

3. Викториналар, сурет - жазулар
„Не? қайда? қашан?“ (негіз)

Қазақ тіліндегі бірінші мәселе
болғанда 1-2 жас "балалар" ерте
жас табына жатқызылады.

Отбасы мен балабақша бірінші
атты ата-аналарға кеңес
беріп отырады.

„Отбасы мен балабақша бірінші“

Қоғам үшін әр кезеңде әр отбасында
өсіп келе жатқан өрілген бірдірмен-
дердің деңгейі сау, рухани бай, білімге
қуыстар болып өсуі - біздің басты
мақсатымыз. Оның үшін алаң
қайнар бастады отбасы.

Отбасындағы ата-аналар баланың
тарихи-затнасына қатынасында
адамгершілік эстетикалық және
тәрбиесінің алғашқы үлгілері
қалыптасады. Ал отбасындағы
Әке мен шешесі баланың алғашқы
тәрбиешілері болып саналады.

Ғалымның бағаты - білімде.

Білім - бір құрал.

Білім көп адам - құрал сайлап
жеткен сияқты не жасаса да, келістіріп
жасайды" - дейді. А. Байтұрсынұв.

Отбасы мен балабақшаның бірлігі -
бұрынғы тақда озердің мәселесі болып
отыр. Ғалымдарда орын мен тәр-
биеде отбасының басым роліне
мәңгідей отырып бірлігін жүйелі
жасаушылар керек. Егер тәрбиені
ата-ананың ғарыш-ғарыш жасауда
түрлі ждістерді қазір жасап тек-
нологияларды пайдалана отырып,
ата-ананың жұмысшылығы арт-
тыру мақсатында жүйелі жасаса
ата-ананың балабақшаға деген
тәрбиенің деген көзқарасы өзгереді
деп ойлануы.

Ата-ана баласына өз отбасы
қадір тұтудан бастап, тұлға-тұлға,

ес басты маусым - мүдесі біреу.
Ол заман талабына сай ұрпақ
тәрбиелеу екенін ұмытпау.

Ата - ақалар комитетінің төрағалары:

1. Адаберген Амарал.

2. Бүркімбаева Лаура

3. Жакудаева Айтжан

Қызылорда облысы
Жетісай ауданы
«Отбасы мен балабақта бірлігі»
Балалар үйінің тәрбиешісі

«Отбасы мен балабақта бірлігі»



«Балауса» ерте жас тобы

Қазан

Тәрбиешілер: Абилдаева Ж.

Даулетова Г.

Шымкент 2022ж

«Отбасы мен балабақша бірлігі».

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін.

Тақырыбы: Отбасы мен балабақша бірлігі.

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» болып табылады. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін

мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай

жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ

және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз

бақытымызды бағалай білейік.

Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. Отбасы – бұл баланың

өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын

сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды – балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету қажет, өйткені педагогика мен психология жөніндегі білімдердің болмауы қателіктерге, түсініспеушілікке демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тірейді. Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-

аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылатуға бағытталған. «Тәй-Тәй» технологиясының отбасыны педагогикалық ағарту бойынша жұмыс нысандарының бірі ата-

аналар жиналысы болып табылады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» деген. Қазақстанның дамуына үлес қосатын,

әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат

тәрбиелеп шығару – қоғам, ұстаздар мен ата-аналар, мұғалімдер қауымының бүгінгі таңдағы

баға жетпес міндеті.

«Жаңадан келген баланың топқа үйренісуі»



«Балауса» ерте жас тобы

Қазан

Тәрбиешілер: Абилдаева Ж.

Даулетова Г.

Шымкент 2022ж

Мақсаты: Ата — аналардың өзара қарым — қатынасын жақсарту, балабақша тәжірибесімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым — қатынаста болу. Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу. Бала жетілуіне әдістерін бір-бірін түсіне білуге және жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.

Қатысқандар: Ата-аналар, тәрбиешілер

Көрнектіліктер: Отбасы суреті, баяу қарындаштар, қалам, таза параш, сәтман, шарлар, қанша, желім.

Кіріспесөз: Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар! Бүгінгі біздің «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты тренинг сабағымызға қош келдіңіздер! Ата — ана тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбекеуілігі, кінәсіз, мейрімді болуы. «Үл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады.

Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырып демеуші ата-ана.

I. Танысу. Амандасу

Шаттық шеңбері:

Ата — аналарды қолымызда нұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір — біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз зәктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір — бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды ысықтай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

Танысу: Әр ата — ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі — үш сын есімін қосып таныстыру.

Доппен жаттығу: Бала сіз үшін кім? Допты бір-біріне ұсынып сұраққа жауап беру. Бала — болашағым, серігім, бақытым, өмірімнің жалғасы т.б.

II. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру.

Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілде балаңызды бірінші алашықы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

– Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тозырмау үшін «демалыс» алуға болады.

– Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

– Бала балабақшаға тек ауырмайкелуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңызбен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап-ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

III. Кеңес соңында сұрақтар беріп, өзара пікірлесу.

IV. Ойын «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы:

1. Балаңыздың туған күні?
2. Тәрбиешісінің толық аты — жөні?
3. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
4. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
5. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
6. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
7. Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?
8. Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?
9. Балаңыздың ең жақын досы кім?

Ата — аналар ортаға шығып, берілген сұрақтарға тез жауап береді.

1. Ойын «Ата-ана мейірімі».
2. Ата- аналар ақ параққа гүлдің суретін салып, күлтесіне баласына деген сүйіспеншілігін жазып, ө з ой-пікірлерін айтады.

